

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже Тәрбие процесінің жүйесі	ІҚЕ VII-01-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.01 11 беттің 1-беті
---	-----------------------------------	--

Бекітемін

Басқарма мүшесі – «Әбілқас Сағынов  
атындағы Қарағанды техникалық  
университеті» КеАҚ тәрбие жөніндегі  
жөніндегі проректоры

Қалықов А.Қ.

« 10 » 12 2022 ж.



## ЕРЕЖЕ

---

## ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ІҚЕ VII-01-2022

Әзірлеген:

ПТ ҒЗИ басшысы

Бушманова Б.А.

\_\_\_\_\_

Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Ереже</b> <b>Тәрбие процесінің жүйесі</b>	ІҚЕ VII-01-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.01 11 беттің 2-беті
---	---	--

## Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4	Жауапкершілік және өкілеттіктер	4
5	Жалпы ережелер	4
6	Процедураның сипаттамасы	5
7	Тәрбиелік сипаттағы іс-шараларды өткізуге қойылатын талаптар	6
8	Кураторлық жұмыс туралы	6
9	Құжатқа өзгерістер енгізу	8
10	Келісу және қолданысқа енгізу	8
11	Сақтау	9
	А қосымшасы Келісу парағы	10
	Б қосымшасы Танысу парағы	11

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Ереже</b> <b>Тәрбие процесінің жүйесі</b>	ІҚЕ VII-01-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.01 11 беттің 6-беті
---	---	--

алғашқы күндерінен басталады, барлық оқу семестрлерін қамтиды және соңғы курста аяқталады.

6.7 Әр семестрдің соңында «Ұлтқа қызмет» білім беру курсының өткен материалы бойынша тестілеу өткізіледі.

6.8 Студенттер жеке және әлеуметтік құзыреттілік критерийлеріне сәйкес әлеуметтік белсенділік үшін ұпай алады.

## **7 Тәрбиелік сипаттағы іс-шараларды өткізуге қойылатын талаптар**

7.1 Тәрбиелік сипаттағы іс-шаралар оқу процесінен және «Ұлтқа қызмет» білім беру курсынан тыс өткізіледі.

7.2 Мастер-классқа қойылатын талаптар

7.2.1 Мастер-класс өткізу кезінде мыналарды қамтамасыз ету қажет:

- кураторлық сағатты өткізу барысында педагогикалық әдістерді, инновациялық технологияларды көрсету;

- басқа кураторлардың (кемінде 3 адам), оның ішінде педагогикалық тәжірибені тарату үшін жаңадан бастаушылардың қатысуы;

- қатысушылардың тиімділігін, қолданылатын педагогикалық әдістерді, технологияларды, тақырыпты ашу сапасын, студенттердің белсенділігі мен сабақ процесіне қатысуын талқылау және бағалау.

7.2.2 Мастер-классты бағалаудың негізгі критерийлері:

- презентативтілік (кураторлық сағаттарды өткізуде педагогикалық тәсілдер мен инновациялық технологияларды қолдану);

- мотивация (студенттердің белсенділігі және процеске қатысуы);

- тиімділік (мастер-класс қатысушыларының оң пікірлері).

7.2.3 Мастер-класстарды әзірлеуді ПТ ҒЗИ-мен алдын ала келісу қажет. Мастер-класстарды өткізу сапасын бағалау қатысушы-кураторлардың, КК және РАТК мүшелерінің пікірлері негізінде беріледі.

7.3 Халықаралық, республикалық және өңірлік, оның ішінде қалалық және университеттік деңгейдегі іс-шараларға қойылатын талаптар:

- ЖСД-мен келісілген іс-шара туралы ереженің болуы;

- халықаралық деңгейдегі іс-шараға кемінде 3 ел, республикалық – кемінде 4 өңір, өңірлік-кемінде 3 ЖОО өкілдерінің қатысуы;

- тиісті деңгейдегі біліктілігі бар қазылар алқасын немесе сараптама комиссиясын қалыптастыру;

- бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда жариялау.

## **8 Кураторлық жұмыс туралы**

8.1 Академиялық топ – бастауыш студенттік ұжым және болашақ мамандардың кәсіби-тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру орталығы.

Куратор – бұл студенттік топқа оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға көмектесу үшін бекітілген оқытушы. Академиялық топтардың куратор-тәлімгерлерінің қызметі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Ереже</b> <b>Тәрбие процесінің жүйесі</b>	ІҚЕ VII-01-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.01 11 беттің 3-беті
---	---	--

## **1 Қолдану саласы**

Тәрбие процесінің жүйесі туралы ереже (бұдан әрі – ереже) тәрбие процесінің тәртібі мен ұйымдастырылуын сипаттайды, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ) кураторлардың қызметіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Ережені «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тағы тәрбие процесіне жауапты құрылымдық бөлімшелер және кураторлар қолдануға тиіс.

Ереже сапа менеджменті жүйесінің (бұдан әрі – СМЖ) құжаттамасының құрамына кіреді.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ISO 9001-2016 (ISO 9001-2015) ҚР СТ «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар».

ISO 9000-2017 (ISO 9000-2015) ҚР СТ Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік.

## **3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар**

Ережеде ISO 9000-2017 (ISO 9000-2015) ҚР СТ сәйкес «Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік», ҚР СТ 1157-2002 Білімі жоғары кәсіби. Білім беру ұйымдарының сапа менеджменті жүйесі:

ТП – тәрбие процесі;

ТЖ – тәрбие жұмысы;

ЖСД – жастар саясаты департаменті;

ҚР – құжатталған рәсім;

«Жас Орда» ЖҚ – «Жас Орда» жастар қауымдастығы;

ПТ ҒЗИ – патриоттық тәрбие ғылыми-зерттеу институты;

ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам;

СБӨ – сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;

РАТК – рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес;

КК – кураторлар кеңесі;

ҚР СТ – Қазақстан Республикасының стандарты.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Ереже</b> <b>Тәрбие процесінің жүйесі</b>	ІҚЕ VII-01-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.01 11 беттің 7-беті
---	---	--

университеті» КеАҚ бүкіл тәрбие жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және бірінші курс студенттерінің студенттік өмірге сәтті бейімделуіне, білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асыруға, болашақ маман тұлғасының рухани-адамгершілік және кәсіби қалыптасуына жәрдемдесуге бағытталған.

8.2 Студенттік топтардың кураторларын тағайындау факультет деканының бұйрығымен оқытушылар қатарынан жүргізіледі. Топтардағы кураторларды ауыстыру тек ерекше жағдайларда ғана жүзеге асырылады (жұмыстан шығару, өлім, ауру, декреттік демалыс). Куратордың міндеттерінен босату себептерін көрсете отырып, факультет деканының өкімімен жүргізіледі.

8.3 Куратордың қызметі оның жеке жоспарына тәрбие жұмысы ретінде енгізіледі және ПОҚ конкурсына немесе аттестаттауына қатысу үшін берілетін оның сипаттамасында көрсетіледі.

#### 8.4 Кураторлық жұмыстың құрылымы

8.4.1 Кураторлардың жұмысына әкімшілік басшылық жасау әдеттегідей жүзеге асырылады: Басқарма Төрағасы – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Ректоры – факультеттің ТЖ жөніндегі проректоры – факультет деканы – ТЖ жөніндегі деканның орынбасары – кафедра меңгерушісі – топ кураторлары.

8.4.2 Кураторлардың жұмысына әдістемелік және ұйымдастырушылық басшылықты факультеттің аға кураторының функциялары жүктелген ТЖ жөніндегі деканның орынбасары арқылы кураторлар кеңесі жүзеге асырады.

8.4.3 Кафедра меңгерушісі кураторлардың қызметіне басшылық жасайды және ол үшін әртүрлі формаларды пайдалана отырып, олардың жұмысына қажетті бақылауды жүзеге асырады (кураторлардың есептерін тыңдау, кафедра отырыстарында, кафедраның әдістемелік семинарларында олардың қызметін талқылау, кураторлардың топтарда өткізетін іс-шараларына қатысу және т.б.), кураторларға олардың жұмысына көмек көрсетеді.

#### 8.5 Куратордың міндеттері:

- «Ұлтқа қызмет» білім беру курсының күнтізбелік жоспарына сәйкес кураторлық сағаттар өткізу;

- белсенді және бастамашыл студенттерден старостаны тағайындау және топтың активін қалыптастыру;

- студенттердің психологиялық ерекшеліктерін, әлеуметтік белсенділігін, олардың қызығушылықтары мен хоббилерін, өмірдің түрлі салаларындағы жетістіктерін, студенттердің тұрмыс жағдайының жай-күйін зерделеу және талдау, топ портфолиосын қалыптастыру;

- студенттердің оқу еңбегінің дағдыларын дамытуға, оқу сабақтарын қоғамдық қызметпен, шығармашылық дамумен, спортпен шұғылданумен, бос уақытын ұтымды өткізумен дұрыс үйлестіруге ықпал ету;

- зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік бастамаларды іске асыруға, студенттерді университеттің белсенді қоғамдық өміріне тартуға, азаматтардың денсаулығы мен әл-ауқатына әсер ететін қоғамдық қауіпсіздікке байланысты іс-шараларға қатысуға ықпал ету;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Ереже</b> <b>Тәрбие процесінің жүйесі</b>	ІҚЕ VII-01-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.01 11 беттің 4-беті
---	---	--

## 4 Жауапкершілік және өкілеттіктер

4.1 Осы Ережеде көрсетілген талаптарды әзірлеуге, қайта қарауға және енгізуге «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ТЖ жөніндегі проректоры жауапты болады.

4.2 Осы Ереженің ISO 9001-2016 (ISO 9001-2015) ҚР СТ талаптарына сәйкестігі үшін әзірлеуші жауапты болады.

4.3 ТП қатысушылары процестің нақты кезеңдерін орындау бойынша қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапты болады.

4.4 Процестің нақты кезеңдері бойынша жұмыстарды орындау сапасына нақты кезеңді орындауға қатысушылар болып табылатын басшылар жауапты болады.

4.5 Тәрбие қызметін іске асырудағы ТП қатысушыларының құқықтары мен міндеттері құрылымдық бөлімшелердің тиісті ережелерімен реттеледі.

## 5. Жалпы ережелер

5.1 ТП мақсаты – рухани байлықты, адамгершілік тазалықты, физикалық кемелдікті біріктіретін, шығармашылыққа қабілетті, ғылыми дүниетанымы, жоғары мәдениеті және азаматтық жауапкершілігі бар білім алушының жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру; өз әлеуетін толық іске асыруға, қоғаммен белсенді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін әлеуметтік-жеке құзыреттілігінің жоғары деңгейіне ие техникалық кадрларды даярлау, кәсіби-еңбек және қоғамдық қызметте табысты болуға баулу.

5.2 ТП міндеттері:

- азаматтықты, патриотизмді, рухани-адамгершілік бағдарларды, діни толеранттылықты қалыптастыру, халықтық дәстүрлер мен ұлттық құндылықтар негізінде Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын құрметтеуге тәрбиелеу;

- құқықтық мәдениетті арттыру, адам мен азаматтың құқықтары мен міндеттері туралы білімді игеру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы, парасаттылық мәдениетін қалыптастыру;

- еңбекті әлеуметтік және жеке маңызды қажеттілік ретінде құрметтеуге тәрбиелеу;

- қоршаған ортаның жай-күйін зерделеу, білім алушыларды экология проблемаларын шешу жөніндегі іс-шараларға тарту арқылы экологиялық сананы қалыптастыру;

- білім алушыларды олардың ішкі әлеуетін іске асыруға, эстетикалық талғамын, зияткерлік, шығармашылық және физикалық қабілеттерін дамытуға, салауатты өмір салты дағдыларын дамытуға ықпал ететін қызметке барынша тарту;

- студенттік өзін-өзі басқаруды ынталандыру, әлеуметтік белсенділікті, әлеуметтік құзыреттілік дағдыларын, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі жүзеге асыру қажеттіліктерін дамыту.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Ереже</b> <b>Тәрбие процесінің жүйесі</b>	ІҚЕ VII-01-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.01 11 беттің 8-беті
---	---	--

– студенттердің ата-аналарымен жеке жұмыс жүргізу, оларды сабаққа қатысу, үлгерімі, жетістіктері және «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Жарғысының бұзылуы туралы хабардар ету;

– өзінің педагогикалық деңгейін арттыру, үздік кураторлардың тәжірибесін зерделеу және жұмыс тәжірибесіне енгізу, тәрбие жұмысының әдістемесін үнемі жетілдіру;

– оқу тәртібін бұзу, дәлелсіз себептермен оқу кестесінен артта қалу фактілері бойынша уақтылы шаралар қабылдау, кейіннен деканатқа қажетті ұсынымдарды енгізе отырып, топта барлық бұзушылықтарды талқылауды жедел ұйымдастыру.

#### 8.6 Куратордың құқықтары:

– студенттік топтың өміріне байланысты мәселелерді шешуге белсенді қатысу;

– қиын, төтенше жағдайларға тап болған студенттерге моральдық және материалдық қолдау көрсету туралы өтініш білдіру;

– жатақханаға орналасу мәселелерімен айналысатын комиссияның жұмысына, студенттік өзін-өзі басқару органдарының отырыстарына қатысу;

– «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-да белгіленген мінез-құлық нормаларын бұзғаны, үлгерімі төмен және басқа да теріс қылықтары үшін студенттерге жаза қолдану туралы сұрақтар қою.

### 9 Құжатқа өзгерістер енгізу

Құжатқа өзгерістер мынадай негізде енгізіледі:

– ұйым немесе құрылымдық бөлімше атауының өзгеруі, лауазым атауының өзгеруі;

– функциялары мен лауазымдық міндеттерді қайта бөлу;

– қайта құру немесе қысқарту.

### 10 Келісу және қолданысқа енгізу

Құжат келісіледі:

– сапа жөніндегі басшылықтың өкілі;

– заң бөлімінің бастығы «Келісім парағында» (А Қосымшасы) ресімделеді.

Ережені «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма мүшесі – ТЖ жөніндегі проректоры бекітеді.

### 11 Сақтау

Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тағы ТП-ға жауапты құрылымдық бөлімшелердің назарына «Танысу парағында» (Б қосымшасы) түпнұсқасында және көшірмесінде қол қойылып жеткізіледі. Танысу туралы қолтаңбасы бар бекітілген Ереженің ескерілген данасы және түпнұсқасы ПТ ҒЗИ-де сақталады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Ереже</b> <b>Тәрбие процесінің жүйесі</b>	ІҚЕ VII-01-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.01 11 беттің 5-беті
---	---	--

## **6 Процедураның сипаттамасы**

### **6.1 ТП негізгі бағыттары:**

- азаматтық-патриоттық тәрбие;
- рухани-адамгершілік тәрбие;
- эстетикалық және мәдени тәрбие;
- әлеуметтік белсенділікке тәрбиелеу;
- құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту ісі;
- экологиялық тәрбие;
- дене тәрбиесі.

6.2 ТП нәтижелілігінің критерийлері оның сандық көрсеткіштерін жақсарту болып табылады:

- экологиялық, волонтерлік және қайырымдылық акцияларына қатысатын студенттер санының артуы;
- әлеуметтік белсенді студенттер санының артуы;
- университеттің қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне тартылғандар санының артуы;
- әр түрлі қоғамдық салаларда жетістіктері бар студенттер санын көбейту;
- білім алушылардың құқық бұзушылыққа жол бермеуі;
- ЖИТС, нашақорлық ауруларының таралуына жол бермеу.

### **6.3 Тәрбие процесіне:**

- Кураторлар кеңесі
- Рухани-адамгершілік тәрбие жөніндегі кеңес
- Деканаттар;
- Жастар саясаты департаменті
- Патриоттық тәрбие ғылыми-зерттеу институты
- «Жас Орда» жастар қауымдастығы
- Баспасөз қызметі
- «Серпін» оқу орталығы
- Әлеуметтік-психологиялық қызмет
- Мұражай
- Кітапхана

6.4 ТП мазмұны сауалнама нәтижелерін, тесттердің көмегімен айқындалатын қол жеткізілген тәрбие деңгейін, сондай-ақ «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ресурстық мүмкіндіктерін талдау негізінде қалыптастырылады және үнемі жаңартылып отырады.

6.5 ТП-ның негізгі құрамдас бөлігі «Жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру» патриоттық тәрбие моделі негізінде әзірленген «Ұлтқа қызмет» білім беру курсы болып табылады.

6.6 «Ұлттық қызмет» білім беру курсы кураторлық сағаттарды өткізудің күнтізбелік жоспарын қамтиды және білім алушылардың бүкіл оқу кезеңі ішінде өткізіледі. Курстың құрылымы мақсатты және мазмұнды жүктемесі бар және белгілі бір семестрге есептелген 7 кезеңнен тұрады. Курс университеттің





«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	<b>Ереже</b> <b>Тәрбие процесінің жүйесі</b>	ІҚЕ VII-01-2022 Нұсқа 02 Күні 2022.11.01 11 беттің 10-беті
---	---	---

**Б қосымшасы**  
**(міндетті)**

Ф.02-2022

**Танысу парағы**

Лауазымы	ТАӘ	Күні	Қолы